

# Жаңастар арасындағы үздік ақын анықталды

Еткен аптаның жұмасы - қала жаңастары жыр тиегін ағытқан күн болды. Қалалық мәдениет сарайының үйімдестері руымен еткен мұшайраға 16 ақын қатысып, берілген үш тақырыпқа сай шығармаларын ұсынды.

«Бабадан қалған байтагым» деп атталған мұшайра аясында жазба ақындар - Астана қаласының - 20 жылдығы, Бұхар жырау Қалқаманұлының - 350 жылдығы, А.Байтұрсыновтың - 145 жылдығына арнап шығарған туындыларын оқыды.

Қазылар алқасының қурамында болып, мұшайра шартына сәйкес қатысушылардың олец-жырларындағы сез қолданысына, ой жүнеллігіне, көркемдік ерекшелігіне, шығармаларын жатқа, мәнерлеп оку шеберлігіне, дауыс манері мен тіл тазалығына, сахна мәдениетіне сай бағаладық. «Орақ тілді, от аузызды» жыр жүйрістерін тұтызып қана қоймай, баптап, байгениң аддын бермес тұлпар еткен киелі топырағымен танымал Торғай өнірінің бүтінгі ақын жаңастары да осал болуга хаяқылы емес - ті. Атаптаған мұшайра осының бір далепі болды. Кейінгі толқын қаламгерлері Абай айтқандай: «Сөзге жеңіл, жүрекке жылтынетін, айналасы теп - тегіс жұмыры келген» мінсіз өлеңдерін ұсынбагаммен, соган деген талпынсызмен танылды. Бойынды «шым» еткізег шымыр шұмақтар мен адамға ой салар салмақты сездер де айтылып жатты. Бір себен айтқанда, ғаламторға шырмалып, алеуметтік желіге желімдей жабысқан көп жаңастарға рухани азық сыйлар адемі кештті.

«Алуан алуан жүйрік бар, аліне қарай шабады» дегендей, сайыс болған соң үздіктерін анықтайдын да кезең келді. Қазылар алқасында болған, бүтінде елімізге танылып үлгерген талантты



жас ақындарымыздың бірі - Батырлан САҒЫНТАЕВ саймыс қорытындысында мұшайрада оқылған өлеңдердің кем - кетіктерін көрсетті. Яғни, өлеңде қате қолданылған сездер мен сез тіркестеріне жеке - жеке тоқталып, онын теріс екенін дәлелдеп, дұрысы қалай болатынын айттып, жас ақындарға бағыт - бағдар сілтеді. Бұл да мұшайрага қатысушылар үшін пайдалы тұс болғаны анық. Сонымен, әділқазылардың шешіміне сай, «Бабадан қалған байтагым» атты қалалық жыр мұшайрасының бірінші орыны Бектемір СҰЛТАНХАНГА, 2-ші орын Даания СӘТБЕККЕ, ал екі бірдей жүлделі үшінші орын Ерасыл ӘМІРЗАКОВ пен Гаухар ҚАПСҰЛТАНРА берілді. Одан белек, Ернұр ӘУЕЗХАН «Дархан даланың дана жырауы», Руслан БАЙГАЗИН «Ахмет баба ізімен», Асылхан СӘЛІМЖАН «Жырым сенсі - Астана», Абықан СЕРІКВОЛСЫН «Жыр жаунары», Ұлмекен ҚАБРАХИМ «Жас ақын» номинациялары бойынша марапатталды. Жүлдегерлерге ақшалай сыйлықтар табысталып, қалған қаты-

сушылар арнайы дипломдарға ие болды.

«Мұшайраның басты мақсаты - еркін елдің бүтінгі ажары мен ертегінің жарықын келешегін, кешегі алапат күресін тебіреңе жырға қосу, қазақ жырының қоржынына қомақты олжа салу болып табылады. Мұшайра - ұлттық онер. Ол - жалпы еліміздің жазба ақындарын жыр додаудыңда вз бақтарын сынайға мүмкіндік беретін қазақтың биік онері болып саналады. Елдің, жердің бірлігін, келешегін ойлаған дана, ойшыл, аталау сезіндің қасиетіне бас ішіп, бабалар мұрасын жалғыстырып, қазақ поэзиясына езіндік ой өрнегін, назік сезімін ала келген дарынды ақындардың жырларын насиҳаттау. Бұл жолғы мұшайраның алтын қазығы, жыр арқауы барынша кең көлемде болғанымен жас талапкерлеріміз ережеге сәйкес тақырыпты аша білді, - деген ой болісті шараны үйімдестеруши - қалалық Мәдениет сарайы, Әдебиет белімінің мен-герушісі Зәмзагул ТАПАЛОВА.

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ

# «Торғай Шәмшісі» – Болат Хамзин

Киелі Торғай топы-  
рагынан түлеп ұшқан та-  
ланктар туралы айтылып  
та, жазылып та жүр.  
Солардың ішінде бірі де,  
бірегейі - Болат Хамзин.

Мен Ы.Алтынсарин атын-  
дагы гимназияның тарих  
пәннің мұгалімі Роза Карбо-  
қызының жетекшілігімен  
«Өмірім-өнерім» тақырыбын-  
да Болат Хамзиннің өмірі мен  
шығармашылығы жайында  
ғылыми жұмысымды көргөзған  
болатыннын. Бұл ғылыми жұ-  
мысымды алу себебім Торғай-  
дың Шәмшісі атанған Болат  
Хамзиннің артына қалдырған  
мол мұрасын. Торғай мәдени-  
етіне қосқан үлесін кейінгі үр-  
наққа таныстыру.

Болат Хамзин – қазақтың  
ултжанды үлдарының бірі,  
өнерімен елін сүйіндірген,  
жүргегінен жарып шыққан саз  
ауенімен халқының өмірін ор-  
нектеген, маңғі ешпес махаб-  
батты жырлаган, туган жеріне  
перзенттік парызын өтеуте үл-  
гі-өнегесін қалдырған сазгер,  
домбырашы, дирижер, ак-  
тер, үстаз, тума дарын иесі.  
1938 жылы Торғай қаласының  
13-ші ауылышында дүниеге кел-  
ген. Кішкентай кезінде екі ше-  
кесі торсықтай, көзі ботаның  
козіңдей, кішкентай тана кой-  
ылған кекілі бар, сүп-сүйкімді  
және оте сезімтал болған. Болат  
Хамзин 1955 жылы Ы.Алтын-  
сарин атындағы Торғай қазақ  
орта мектебін бітіргеннен кей-  
ін Құрмангазы атындағы Ал-  
маты мемлекеттік консерва-  
ториясына оқуға түсіп, халық  
аспалтар оркестрі қурамында  
сахнага шыға бастайды. Бо-  
лат ага өзінің бойындағы та-  
лантымен, табиги дарыннымен



Алматыда оқып жүргендे-ақ  
саз мамандарын таң қалдыр-  
са керек. Болашагынан үміт  
күттіретін шактарттердің бірі  
атанып, Маскеуде жастар мен  
студенттердің дүниежүзілік  
фестивалінің бас байгесін ие-  
ленеді. Оның «Орамал», «Торғай  
қызы», «Амангелді үрнегі»,  
«Қайдасың Шолпаным-жұл-  
дызымы», және т.б. әндері бар.  
Өзіндік бағыт-бағдары бар «Ра-  
сырлар пернесі» атты фоль-  
клорлық халық ансамблін құр-  
ды. Сонымен катар, ол Торғай  
халық театрының негізін қа-  
лаушылардың бірі. Болат ага  
үйді-үйлерде бұтып, бұйығы  
болып кеткен жастарды өнер-  
ге үтітеп, тәрбиелеп, сахнага  
ақеліп, мәдениет ошактарын  
қайтадан құрды. Сол кезде теа-  
трды үйымдастырып, артісі де,  
режиссері де, коюшысы да және  
оркестрдің дирижері да жалғыз  
өзі болды. Сан қырлы өнер иесі,  
жүртшылықтың ыстық ықыла-  
сына боленген Болат Хамзаұлы  
Торғай халқының маңғі жадын-  
да.

Диана ҚОНЫСБАЙ,  
Ы.Алтынсарин  
атындағы  
гимназияның  
11 «А» сынып окушысы